



БІЛІМ КІПТІ - КЛЮЧ ЗНАНИЙ

№ 6 (168), 2022

Маусым

Июнь

2011 жылдан бастап ай сайын шығады — С 2011 года выходит ежемесячно

Журнал 2006 жылдың қаңтар-ақпан айынан бастап қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.

Журнал издается с января-февраля 2006

года на казахском и русском языках

**(Республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық журнал
Республиканский научно-методический педагогический журнал)**

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

Т. Камалиденов

Ұстаздық – ұлы қызмет 3

Шәкірттер лебіздері 7

Әріптестер лебіздері 9

Б. Мухтарханов

Географиялық деректермен жұмыс істеу арқылы оқушылардың зерттеу дағдыларын дамыту 12

Н. Ақбаева, Д. Берекетова, Ж. Бисекен, Қ. Жанқуат, Т. Хусаинова

Қазіргі ұрпақтың цифрлық өмір салты 17

А. Кравченко

Педагог – ключевая фигура формирования интеллектуального развития личности учащегося 21

С. Рахимшайх

Формирование функциональной грамотности на уроках английского языка – основа для развития качеств и умений учащихся начальных классов 25

А. Турсынбаева

Практические рекомендации по применению онлайн сервисов икт для обучения и развития школьников 30

А. Паниширокова

Наши дети читают! 34

Д. Габдуллиева, О. Мухортова

Школа – мой дом родной! 37

Г. Абжетова

Төңкерілген сабақтың мүмкіндіктері 38

Р. Урkitова

Жалқы есім және жалпы есім 40

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

«Педагог LTD» ЖШС

Редактор:

Гүлжанат ҚҰСТАНОВА

БІЛІМ КІПТІ - КЛЮЧ ЗНАНИЙ журналы

20.05.2010 ж. ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінде қайта тіркеліп, №10965-Ж куәлігі берілді.

Басуға қол қойылды

20.06.2022 ж.

Сандық басылым.

Тапсырысы: 322.

Басылым индексі: 75488

Редакцияның мекен-жайы:

050036, Алматы қаласы,

Мамыр-2 ы/а, 13-7.

Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.

Ұялы тел:

8 777 303 37 67.

Эл пошта:

pedagog-ltd@mail.ru

Журнал «Rado Print»

баспаханасында басылды.

Алматы қ., Мыңбаев көш., 46,
кеңсе 411А

Көркемдеуші және беттеуші:

Нұрзат Раймқұлова

Редакциялық алқа: Редакционная коллегия:

Н. Омашев — ҚР Жоғары мектеп ғылым академиясының академигі, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор.

С. Аманжолов — педагогика ғылымдарының докторы, ҚР Білім беру ісінің үздігі, А.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің педагогика факультетінің деканы.

Ә. Дүйсебек — Ы. Алтынсарин атындағы Қазақ Білім академиясының вице-президенті.

А. Миразова — ҚР Білім беру ісінің үздігі, Қазақстанның Еңбек ері.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word файлы ретінде сақтаңыз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Болмаса, факс арқылы, бағалы хат арқылы редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны на компьютере и сохранены в формате программы Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц. Сведения об авторе должны быть точными и полными. Фотографии высылайте отдельными файлами в формате JPEG, TIFF, не вставляя в текст статьи. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте электронной почтой (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.

Учредитель:

ООО «Педагог LTD»

Главный редактор: Г. КУСТАНОВА
Журнал перерегистрирован в Министерстве
связи и информации РК. Свидетельство
№10965-Ж от 20.05.2010 г. Астана.

Подписано в печать 20.06.2022 г.

Печать цифровая.

Заказ 322.

Подписной индекс: 75488

Адрес редакции:

050036, г. Алматы,

Мкр. Мамыр-2, 13-7.

Тел./факс: 8 (727) 255-72-94;

Моб.т.: 8 777 3033767

Эл. почта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал напечатан в типографии


«Rado Print».

Адрес: г. Алматы, ул. Мынбаева, 46, оф. 411А



Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотоснимки не рецензируются и не возвращаются. Перепечатка материалов, опубликованных в журнале допускаются только с согласия редакции.





Ұстаздық – ұлы қызмет



Талғат КАМАЛИДЕНОВ,
Нұрғиса Тілендиев атындағы
Кіші өнер академиясының
домбыра сыныбының
оқытушысы.
ҚР Мәдениет қайраткері.
Атырау қаласы.

«Ұстаз» деген тілге орамды, құлаққа жағымды естілетін осынау бір ұлы сөздің адамзаттың даму тарихында қашан да болса алар орны бөлек. Осындай ардақты да қадірлі атқа ие болып жүрген ұстаздың бірі әрі бірегейі – «Дина Нұрпейісова атындағы халықтық музыка Академиясы» Атырау музыка колледжінің домбыра пән бірлестігінің жоғары санатты оқытушысы, «ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісі, «Алаш ұстазы» медалінің, «Қазақстанның үздік ұстазы» орденінің иегері, Халықаралық, республикалық сайыстардың жүлдегері Жолдасова Клара Зиоллақызы.

1960 жылы Қазақстанның күйшілік мектебі қалыптасқан Атырау облысы, Құрманғазы ауданында дүниеге келді. 1967 жылы Орлы орта мектебінде оқып жүріп, көркем өнерпаздар оркестріне қатынасып, өнерге деген талпыныс Клара Зиоллақызын 1977 жылы Атырау музыка училищесіне домбыра класына алып келді. Боздақ Рзаханұлының ұстаздық етуімен талантты оқушы бірнеше сайыстарға қатынасып, дарындылығымен көзге түсті. 1981 жылы Алматы қаласында өткен III республикалық жас орындаушылар сайысының жүлдегері атанып, сол жылы Алматы Мемлекеттік Құрманғазы атындағы консерваторияға оқуға түсіп, профессор Қ.А. Мұхитовтың класынан дәріс алды.

Клара Зиоллақызы оқуын тәжірибемен ұштастыра жүріп, 1985-1988 жылдар аралы-

ғында Құрманғазы атындағы Академиялық халық аспаптар оркестрінде еңбек етті. 1986 жылы Баку қаласында өткен Бүкілодақтық «У. Гаджибеков атындағы халықаралық ұлт аспаптарында орындаушылар» сайысында II орын жүлдегері атанды.

Өмір атты үлкен кітаптың беттерін парақтап, Клара Зиоллақызы өмір жолына үңіле қарасақ, тек ұстаздық жолдағы еңбегінің

өзі 37 жылдан асып отыр екен. Әрине, Клара Зиоллақызы сияқты ардақты да аяулы ұстаздың ұлы қызметіндегі бұл санаулы жылдардың әр сағаты сындарлы өсу, кемелдену кездері болғаны сөзсіз. Бұл жылдар үлкендер ілтипатпен қарайтын, кейінгілер үлгі тұтар ұстаздық өмір парақтары іспеттес.

Клара Зиоллақызы 1988 жылдан бері Атырау музыка кол-



**Клара Зиоллақызы
ЖОЛДАСОВА**

леджінде ұстаздық қызмет етіп келеді. Еңбек жолын алғаш бастаған уақытта кәсіби орындаушы ретінде облыстық Дина Нұрпейісова атындағы Академиялық халық аспаптар оркестрінде жеке орындаушы болып, көрермендер көңілінен шыға білсе, кәсіби шеберлігін шыңдау мақсатында түрлі дәрежедегі сайыстарға қатынасып, жоғары нәтижелерге қол жеткізді. 1990 жылы II республикалық Құрманғазы, 1992 жылы Ақтау қаласында өткен I республикалық Қашаған сайыстарынан жүлдегер атанды.



«Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» деген дана халқымыздың асыл сөзі Клара Зиоллақызына арналғандай. Колледжде еңбек еткен жылдар ішінде жас ұрпаққа кәсіби білім беруде тек адами болмысымен ғана емес, тәжірибелі маман, білікті ұстаз ретінде танылуы, оның көптеген шәкірттерінің аймақтық, республикалық, халықаралық сайыстарда жүлделі орындар иеленіп, жеткен жетістіктерінің жемісі. Ұлағатты ұстаздан білім нәрімен сусындап, бой түзеген дарынды тұлғалар, бірнеше мәрте түрлі байқаулардың жеңімпаздары атанды. Олар:

Камалиденов Талғат – ҚР мәдениет қайраткері. Н. Тлендиев атындағы Кіші өнер академиясының оқытушысы, Құрманғазы сайысының жүлдегері.

Жұмашева Сая – Н. Жантөрин атындағы облыстық филармониясы «Нарын» халық аспаптар оркестрінің дирижері, облыстық Дина, Қ. Ахмедияров атындағы сайыстардың жүлдегері.

Қанжанова Гүлмаржан – Жылыой ауданы Өнер мектебінің директоры. Облыстық Дина, Қ. Ахмедияров атындағы сайыстардың жүлдегері.

Ермекова Алмагуль – Атырау қаласы БММ оқытушысы, Құрманғазы атындағы сайыстың жүлдегері.

Бибатырова Сабира – «Айналайын» фестивалі ХХІ, ХХХІ Республикалық жас орындаушылар сайысының жүлдегері, ІІІ Халықаралық «Шабыт» фестивалі дипломанты, Республикалық Дәулеткерей байқауынан 1-орын, Халықаралық Құрманғазы байқауынан – 2-орын, Дина, Қали, Махамбет, Өскінбай байқауларынан «Бас жүлде» иегері.

Сәрсенов Рахат – «Шабыт» фестивалінің дипломанты, Республикалық Махамбет, Құрманғазы сайыстарының жүлдегері.

Базаров Азамат – І Республикалық Есір 3-орын, І Республикалық «Махамбет оқулары» 1-орын, І Республикалық Тәттімбет сайысынан дипломант.

Айтпаев Талғат – ХХVII Республикалық «Жас орындаушылар» 3-орын, облыстық А. Жайымов 3-орын, ІІ Республикалық Өскінбай дипломант, Республикалық «Дү-



бірлі домбыра» Нәжімеденов дипломант.

Тәжікенов Нұржан – Республикалық Күй күдіреті, күй ғұмыр сайысы 2-орын, ХХХVII Республикалық «Жас музыкант» конкурсы дипломант, Махамбет «Жебелі жеті күй» Бас жүлде, VII Республикалық Құрманғазы сайысы – 2-орын, Республикалық «Дельфий ойындары» – 1 орын.

Әбілов Сардарбек – Республикалық «Алтын домбыра» Әзидолла Есқалиев – дипломант, І облыстық «Күйші домбырашы қолқанаты» 2-орын, Республикалық «Musik forum Kazakhstan», Н. Тілендиев атындағы аймақтық «Ақ Жайығым» сайыстарының дипломанты.

Долдашев Болат – Д. Нұрпейісова атындағы Академиялық Қазақ халық аспаптар оркестрінің бас дирижері, Республикалық «Musik forum Kazakhstan» – 1-орын, Республикалық Дина сайысы – 1-орын, «Алтын домбыра» Ә. Есқалиев – 3-орын, ХХХІ Республикалық «Жас орындаушылар» – 2-орын.

Қатапов Санжар – Республикалық пәндік олимпиадасы – 2-орын, Респ. «Жас дарын» – 3-орын, Р. Ғабдиев атындағы І Республикалық күй сайысы дипломант.



Бердібекова Назерке — Аймақтық Дина — 3-орын, Респ. пәндік олимпиада 2-орын, Қазанғап атындағы ІІ Республикалық күйшілер байқауы «Ақжелең» — 3-орын.

Иса Есболат — Тәуелсіздіктің 20 жылдығына орай Республикалық «Жас дарын» — 2-орын, облыстық Қаршыға Ахмедияров «Күй ғұмыр» 3-орын, ІІІ Республикалық «Асыл мұра» Бас жүлде, Аймақтық «Қайран Нарын» Махамбет сайысы дипломант.

Зинеденов Ануар — Құрманғазының 190-жылдығына арналған күй сайысы — 3-орын, аймақтық Құрманғазы «Звучи, моя домбра» — 1-орын, ІІІ Республикалық Әзидолла Есқалиев атындағы «Алтын домбыра» сайысы-дипломант, Х республикалық Дельфийлік ойындар 1-орын «Алтын медаль», «Есір Айшуақұлы» атындағы І Республикалық күйшілер байқауы — 3-орын.

Зиноллаев Алмас — «Ақ сұңқар» Халықаралық балалар мен жас өспірімдер фестиваль-конкурсы — «Бас жүлде», ІІ Халықаралық Дельфий ойындары-диплом, Қаршыға Ахмедияровқа 70 жыл толуына арналған «Қазақтың Қаршығасы» облыстық байқауынан 3-орын;

Оңайбаев Әділет - «ІІІ — облыстық Дельфий ойындары» 3-орын, «Елдіктің өшпес рухы — ер Махамбет» атты аймақтық домбырашылар байқауынан 3-орын, «Республикалық кіші олимпиада» 1-орын, ҚР халық әртісі, профессор Ә. Есқалиев атындағы ІV Республикалық «Алтын домбыра» 3-орын, «Көшпенділер әуені» ІІ Республикалық Дәстүрлі орындаушылар конкурсы 3-орын, Музыкалық колледждер орындаушыларының ІІ Республикалық конкурсы ІV дәрежелі диплом, Сертификат.

Қадыр Ерканат — І Республикалық «Серпер» фестиваль конкурсынан «Гран-при», «ІІІ — Республикалық Ұлттық Дельфий ойындары» — Алтын медаль 1-орын, VI Халықаралық Нұрғиса Тілендиев «Өз елім» 3-орын, «Көшпенділер әуені» ІІІ — Республикалық «Дәстүрлі орындаушылар» конкурсы дипломант, Халықаралық Есқалиев «Алтын домбыра» күй байқауы — Арнайы жүлде, Есір Айшуақұлы ІV Республикалық өнер колледждері арасындағы домбырашылар байқауы 2-орын.

Кзылгулов Қанат — ҚР білім беру ісінің үздігі, домбырашы, дирижер Боздақ Рзаханов атындағы колледжішілік домбырашылар сайысынан 2-орын, 42-Республикалық музыка колледждері арасындағы орындаушылар конкурсы — дипломант, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы музыкалық колледждер арасындағы ІV — республикалық кіші олимпиада — 1-орын.

Кошанов Нұрсұлтан 3-курс Құрманғазы атындағы ҚҰК «Құрметті профессоры», «Еңбек ардагері» Ғизат Әдепқалиевтің 80-жылдығына орай — «Алтын ұя» атты І аймақтық домбырашылар конкурсы — 1-орын.

Қуаныш Жаннұр 2-курс ҚР Білім беру ісінің үздігі, домбырашы-ұстаз дирижер Б. Рзаханов атындағы колледжішілік домбырашылар сайысы 1-орын.

Ұстаз көптеген шәкіттерді тәрбиелеп, әр түрлі сайыстардың жүлдегерлері атануына жол сілтеп, өзінің ұстаздық шеберлігін танытып келеді.

Осы жылдар ішінде Клара Зиноллақызы класынан түлеп ұшқан көптеген шәкірттері Құрманғазы атындағы Алматы Мемлекеттік консерваториясын бітіріп, облысымыздың кәсіби өнер ұжымдары, оркестрлер және балалар саз мектептерінде ұстаздық еңбек етуде. Құрманғазы атындағы сайыстың жүлдегері Т. Камалиденов — ҚР мәдениет қайраткері атағын иеленсе, республикалық Есір, Өскінбай, Дина атындағы сайыстардың жүлдегері Б. Долдашев — Дина Нұрпейісова атындағы Академиялық қазақ халық аспаптар оркестрінің дирижері болса, С. Жұмашева — Н. Жантөрин атындағы облыстық филармониясы «Нарын» халық аспаптар оркестрінің дирижері болып еңбек етуде, Г. Қанжанова — Жылыой ауданы өнер мектебінің директоры лауазымын атқаруда.

Кәсіби біліктілігін, ұстаздық шеберлігін арттыра түскен Клара Зиноллақызы әріптестері арасында тынымсыз еңбегімен «лауреат дайындаушы ұстаз» атанып, зор беделге ие болды. Бірнеше жыл қатарынан колледж «Жыл оқытушысы» атағын иемденіп, І облыстық «Қабілетті оқушылармен жұмыс» атты әдістемелік фестивальге қатынасып, ІІ



дәрежелі дипломмен марапатталды. Сонымен қатар, ұстаз өзінің іс-тәжірибесін тарату мақсатында әдістемелік бетше шығаруда, облыстық кадрлар біліктілігін арттыратын және қайта даярлайтын институты дайындаған кітапқа ұсынылды, еңбек тәжірибесі облыс көлемінде таратылды. Есімі «Атырау облысы мұғалімдері» энциклопедиясының 1-томына енгізілді. Республикалық ғылыми-көпшілік, мәдени-танымдық, іскерлік «Зияткерлік қоғам» журналына «Дина күйлерінің орындалу ерекшеліктері» тақырыбында мақаласы жарық көрді.

Ұстаздық қызметінде Клара Зиоллақызы облыс, республика көлеміндегі түрлі қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, ұйымдастырушылық қабілетімен танылды. Оқу орнында домбырашылар тобына класс жетекшілік міндетін абыроймен атқарып, білім берумен қатар тәрбие ісін де шебер ұйымдастыра білді. Бірнеше жыл колледждегі домбырашылар пән бірлестігінің төрайымы міндетін абыроймен атқарды. Ол Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бұйрығымен Қызылорда музыка колледжін Мемлекеттік аттестаттау құрамының мүшесінде болып, өзін білікті маман екенін көрсете білді. Халықаралық, республикалық, облыстық, конкурстарының қазылар алқасы құрамында болып, қатысушылардың кәсіби орындаушылық шеберлігін бағалауда белсенділік танытып, жас ұрпақтың өнеріне баға беруде әділдік танытқаны үшін көптеген дипломдармен, алғыс хаттармен марапатталды.

«Республикалық 1000 адамдық оркестрге қатысқаны үшін» Сертификат, ҚР Білім және Ғылым министрлігінің Құрмет грамоталарымен, облыстық білім басқармасының және Қазақ Ұлттық консерваториясының дипломдарымен, Алғыс хаттарымен, Атырау облыстық мәдениет басқармасының Алғыс хаттарымен бірнеше мәрте марапатталды. Ұлағатты ұстаздың шәкірттерге сапалы білім берудегі ізденістері мен аянбай еңбек еткен нәтижелі еңбегі, біліктілігі республика көлемінде жоғары бағаланып, 2005 жылы «Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің Құрметті қызметкері» төс белгісімен, 2017 жылы ҚР Білім беру ісіне қосқан үлесі үшін «Алаш ұстазы» медалімен, 2018 жылы Қазақстан педагогтар қауымдастығы Төралқасының

шешімімен «Қазақстанның үздік ұстазы» орденімен марапатталса, ал, 2021 жылы ҚР Күйшілер Одағының қоғамдық бірлестігіне мүше болды.

Осындай толағай табыс тек «Ұстаздық – ұлы қызмет» деп өз мамандығына зор жауапкершілікпен, әрі бала тәрбиесіне үлкен махаббатпен қараған ұстаздың ғана еңбегінде болатыны анық. Ұстаз еңбегінің өлшеусіздігі, бәлкім, осында жатқан болар...

Ұстаз – Ана... Клара Зиоллақызы – жауапкершілігі мол ұстаз болуымен қатар, бір әулеттің келіні, шаңырақтың отанасы. Тағдыр қосқан жолдасы марқұм Қайрат Мақсымұлының ерте дүниеден озып, тағдыр талқысына түсірсе де табиғатынан берілген биязы мінезімен тауқыметке қарсы тұра білді. Ағамызбен бірге үш ұрпағын өмірге әкеліп, аялап өсіріп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырды. Өнерлі отбасында дүниеге келген ұрпақтары Бақытгүл, Зулфия, Нұрлыбегі өсіп-өніп, әрқайсысы жоғары білімді маман иесі атанды. Өмір таразысында қызметі мен отбасын тең ұстаған Клара Зиоллақызы бүгінде жапырағы жайылған, жиен немере сүйген ардақты да асыл әже, бақытты ана.

Ұстаздық өнер – тағылымы терең өнер. Ал өнерлі болу кез келген адамға қона бермейтін бақ. Олай болса, шын ұстаздық табиғи дарын, ізгілікті ізденіс пен ерен еңбекке, аналық мейірімге ұштастырылуы шарт. Осының бәрін бойына жия білген Клара Зиоллақызы – ұлы ұстаз!

Мен өзім 1990-1994 жылдары Атырау музыка училищесінде Клара Зиоллақызының домбыра аспабы сыныбында оқыдым. 4 жылдың ішінде Құрманғазы, Дәулеткерей атындағы конкурстарға қатысып, лауреат атандым. Осы жетістіктерімнің барлығы аяулы ұстазымның арқасы деп мақтана айтамын. Себебі ол кісінің ұстаздық тынымсыз еңбегінің еленуі мен үшін заңдылық.

Ұстазыма сыйлық ретінде осы журналдың мұқабасына суретін жариялап, журналдың ішінде ұстазымның еңбек жолын, атақты шәкірттерін және олардың жылы лебіздерін жариялауды жөн көрдім. Себебі ұстазды қанша ұлықтасақ та аз.



Аяулы ұстазым, Клара Зейноллақызы!

Шәкірттеріңіз сізді абыройлы ұстаз, еңбекте ерендігін танытқан кәсіби жоғары деңгейлі маман ретінде әр кез мақтан тұтады. Сіздің ұлттық өміріміздегі өрісті еңбегіңіз ұшан теңіз. Бұл халқымыз үшін де бізге де үлкен мерей. Ұстаз және өнер қайраткері бағытында музыка мектептері мен колледжде, сонымен қатар академиялық Құрманғазы, Дина атындағы халық аспаптары оркестрлерінде қызмет атқарып, қай салада да асқаралы биіктерге жеттіңіз. Оның дәлелі – консерваторияда білім бұлағына сусындап, «Алтын ұясына» қайта оралып, өнер айдынында қалықтай өрлеген сіздің жолыңызды жалғастырып жүрген шәкірттеріңіз. Бірқатар шәкірттеріңіз өнер саласында елге танымал болған өнерпаздар, халықаралық және республикалық сайыс жүлдегерлері. Сайыста жүлде алған жүйріктер, кейбірі магистратураны бітірсе, ұстаздық және орындаушылық қиын да қасиетті үрдісті қатар алып келе жатыр. Бүкіл еліміз додасынан оза шапқан шәкірттеріңізбен де ұлағаттың ұлар шыңындасыз. Қоғамның да, адамзаттың да болашағы – өнер. Осы жалғастықтағы алтын көпірдің бірі – Сіз деп бағалаймыз. Алар асқақ асуларыңыз алда, Алла ұзақ ғұмыр, абырой атақ берсін. Шәкірттеріңіздің бірі ретінде жұдырықтай жүрегімнен осындай шын ниетімді білдіре отырып, зор денсаулық, мол табыс, жемісті еңбек тілеп, алдыңызда шуақты күндеріңіз көп болсын, ортаңыздағы сыйластығыңыз арта берсін демекпін.

**Шәкіртіңіз, республикалық сайыстардың жүлдегері
Алмагүл Сұлтанқызы ЕРМЕКОВА.**

Мен өзім кішкентай кезімнен Клара апайымнан дәріс алып, көптеген жетістіктерге жеттім. Клара апайымның оқытушылық тәжірибесі өте мықты, бір жақсысы, қандай болмасын оқушылармен қалай жұмыс жасау керек екенін жақсы біледі. Апайымның сабақ беру әдісі басқа оқытушылардың сабақ беру әдісіне қарағанда ерекше, себебі, апай әрбір оқушының мінез-құлқына байланысты жұмыс жасайды. Өнер биігінде қандай жетістікке жетсем де осының көбін ұстазым Клара Зейноллақызының ерен еңбегі мен талмас талап қойғыштығының, серпінді сенімінің арқасы деп білемін.

**Шәкіртіңіз, Халықаралық, республикалық сайыстардың жүлдегері
Сабира БИБАТЫРОВА.**



Аз уақыттың ішінде Анамдай болып кеткен ұстазым Клара апайыма, мен шексіз ризашылығымды білдіремін. Себебі, мен апайымнан өнердің не екенін, күйдің құдіретін, оның орындаушылық ерекшелігін, қыр-сырын үйрендім. Жалпы айтқанда менің өнерге деген жүрегімді, шабытымды оятқан апайым болатын. Бүгінде білім дәрежемді толықтырып, жоғары оқу орнына оқысам да Клара апайымның үйреткен әдісі қашанда есімде тұрады. Мен үшін апайымның орны бір төбе. Осындай асыл жанды ардақты, аяулы ұстазымның болғанына мен қатты қуанамын және мақтанамын.

**Шәкіртіңіз, Халықаралық, республикалық сайыстардың жүлдегері
Нұржан ТАЖИКЕНОВ.**

ҚР Білім беру ісінің «Құрметті қызметкері» Клара Зиноплақызы!

Адамды бақытқа бастайтын бірден-бір құдірет, сөнбес шырақ, тарылмас бұлақ – білім болса, саналы ғұмырыңызды жас ұрпақ тәрбиесіне арнап келесіз. Елдің болашағына жол салар өскелең өрендерді нұрлы көкке көз тіктіріп, ұлы армандарға қанаттандырып жүрсіз. Өмірлі де, өнегелі жас жеткіншектерді тәрбиелеу жолында қасиетті мамандықты дәл таңдап, білім мен біліктілігіңізді өзіндік мақсаты бар еңбегіңізді сарп етіп, шәкірт жүрегіне нұрлы жол таба білу бақытына кенелген ұлағатты ұстазсыз. Көрер қуанышыңыз мол, шығар белестеріңіз биік бола берсін.

**Шәкіртіңіз, «Нарын» фольклорлы оркестрінің
дирижері республикалық сайыстардың жүлдегері
Сая ЖҰМАШЕВА.**





Клара Зейноллақызы 1977 ж. Құрманғазы ауданынан, ұстаз Маржан Зейнелқызынан нота сауатын танып келіп оқуға қабылданады. Сол сәтте өзінің пысықтығын, сабаққа зеректігін және домбырада ойнауда табиғат берген талантын байқайтын едік. Ұлағатты ұстаз колледждің домбыра класының негізін қалаушылардың бірі, Боздақ Рзахановтың класына бөлінді. 4 жыл жақсы, өте жақсы оқып консерваторияға түсті. Ұстазы Мұхитов Құбыш Әшімұлынан өте жақсы бітіріп, өзі оқыған училищеге оралды. Консерваторияда оқып жүріп республикалық, халықаралық Бакуде өткен Гаджибеков атындағы сайыстарда жүлдегер атағына ие болды. 1988 жылдан бері колледждің ұлт аспаптар бөлімінде үлгілі ұстаз, домбыра пән бірлестігінің төрайымы жұмыстарын жауапкершілікпен атқарды. Өзінің кәсіби деңгейінің жоғары екендігін қатар жүрген әріптестеріне көрсете, таныта білді. Жоғарғы санатты, ҚР білім беру ісінің «Құрметті қызметкері» Клара Зейноллақызының алдынан 34 жылдың ішінде бірнеше ондаған шәкірттер жақсы бітіріп шықты. Бітірушілердің көпшілігі республикамызда өтіп жатқан барлық конкурстарға қатынасып колледждің, Клараның атағын елге танытып мерейін көтерді. Оған дәлел Дина, Қали, Дәулеткерей, Құрманғазы, Есір, Тәттімбет, Өскінбай атындағы республикалық сайыстардың лауреаттары: С. Бибатырова, А. Базаров, Р. Сарсенов, Т. Айтбаев, Б. Долдашев, С. Әбілов, Н. Тәжікенов сияқты оқушылар жетістігі. Көптеген оқушылар консерваторияда білімдерін жалғастыруда. Ұлағатты ұстаз К. Зиноллақызы бөлім мұғалімдері арасында өзінің адамгершілігімен, кішіпейіл – ақжарқындығымен үлкен беделге ие болуда. Үлкен отбасы, жанұяның иесі Қайрат екеуінің жарасымды өмірі, оқытып, тәрбиелеген ұл-қыздары болашағынан үлкен үміт күттіреді. Жетістігің көп болғай, шығармашылық табыс, балаларыңды өсіріп-өндіріп, қызығына бөлене бер, - деп тілек білдіремін.

**Құрманғазы атындағы
Қазақ ұлттық консерваториясының профессоры,
ҚР Білім беру ісінің үздігі
Б.М. МҰХТАРОВА.**

Иә, уақыт зырлап өтіп жатыр. Күні кешегі сияқты жас маман болып келген Клара, мен аз-мұз тәжірибе жинаған кезімде училищеге келіп ұстаздық еңбек жолын бастаған. Алдын-ала арнайы музыкалық даярлығы болмаса да, табиғатынан дарынды, алдына қойған мақсатына жететін жолдарды таба білетін қайсар мінезді, оқушыларға жақсы дос көңілімен көмектесуге әрқашан дайын тұратын албырт жас еді. Училищеде, консерваторияда оқып жүргенде-ақ талай конкурстарға қатысып, лауреат болып, домбырада орындаушылық шеберлігінің сан қилы құпиясын меңгерген талант иесі. Республикаға атақты дирижер, домбырашы, ұлағатты ұстаз өзінің жоғары адами қасиеттерімен шәкірттерінің жүрегінде өшпейтін із қалдыра білген, Боздақ Рзаханұлының шәкірті Клара ұстазының мақтанышы және ол кісінің берген білімін, домбыра орындау шеберлігін дарыта білді. Жас маманға бірден класс жетекшілік үлкен сеніммен тапсырылды. Мен сол топтың соль-



феджио пәнінің оқытушысы ретінде екеуіміз қоян-қолтық жұмыс жасадық. Қатты есімде қалған жәйт, Клара күнде сабаққа келіп оқушылардың сабаққа қатынасуын, үлгерімін біліп тұратын, тіпті оқушылардың өздігінен дайындалатын уақыттарында бақылап көмек жасайтын. Оқушыларды қамқорлап, олардың үй жағдайларымен танысып, қиыншылықтарын тыңдап, ақыл кеңесімен көмектесетін. Осының бәрін ол «дос болып көріну» үшін емес, нағыз дос екенін білдіру үшін жасайтын. Өмір сүйгіштігі жымыған келбетінен көрініп тұратын адал адам, абзал ана, аяулы жар, ұлағатты ұстаз, ширек ғасырдағы еңбек жолында талай шәкіртінің өнер биігінен көрінуіне, қанатының қатайып, өрге сүйрей білген, сабақ беруде де өзіндік қолтаңбасы бар. Клара оқушыларын шабыттандыра, эмоциялы әсерлендіре біледі, орындау техникасын жетілдіруге талмай жетелей алады. Сіңілім Клара сенің алар биігің әлі де алдыңда. Саған денсаулық, жастарды тәрбиелеуде қажымайтын қайрат, ұл-қыздарыңның бақытын көруді тілеймін.

**ҚР білім беру ісінің үздігі,
ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері
доцент М.З. ГАЙСИНА.**

ҚР Білім беру ісінің «Құрметті қызметкері» К.З. Жолдасова – көненің көзі – колледжінің ең алғашқы ұстаздарының бірі, айтулы домбырашы – ұстаз Боздақ Рзахановтың болашағынан көп үміт күткен шәкірті. «Ұстазы жақсының ұстамы – жақсы» деген. Ол бұл сенімді абыроймен ақтады. Оған куә – оның алдынан дәріс алып өнер әлеміне түлеп ұшқан бірнеше шәкірттерінің халықаралық, республикалық, облыстық өнер додаларында «Гран-при» мен «Жеңімпаз лауреаттар» атануы. Клара Зиоллақызы – облысымыздың кәсіби аспаптық музыка өнерінің бүгінгідей биік белестерге көтерілуіне өзіндік қолтаңбасын қалдырып, үлкен жетістіктерге жетіп келе жатқан домбырашы – ұстаз!

**ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері
Н.Т. ТӨЛЕГЕНОВ.**

Тарихтың терең қойнауынан күйші бабалар арқылы бүгінгі ұрпаққа жеткен біздің ұлттық мақтанышымыз, ортаймас асыл қазынамыз қасиетті күй өнері. Табиғаттан күйшілік дәстүрді ана сүтінен бойына сіңірген әдіскер ұстаз, ҚР Білім беру ісінің «Құрметті қызметкері» Жолдасова Клара Зиоллақызы өз бойындағы, асыл қасиетін, кәсіби білімін өз шәкірттеріне үйретуде үлкен жетістіктерге жетті. Әлі есімде 1988 жылы бүгінгі ұлағатты ұстаз, сол кездегі жас домбырашы маман Клара Зиоллақызы ең алғаш осы колледжде еңбек жолын бастаған кезде, оқып жүрген студенттер ол кісінің аспапта ойнау шеберлігіне, сахнадағы мәдениеттілігіне сүйсіне қарайтынбыз. Клара Зейноллақызы осы жылдар ішінде колледждегі кәсіби домбырашы мамандар дайындаған өзіндік қолтаңбасы бар республикалық, халықаралық сайыстарда топ жарған белгілі күйшілер Т. Камалиденов, С. Бибаты-



рова, Р. Сарсенов, Н. Тәжікенов, Б. Долдашев, С. Әбілов, Ә. Оңайбаев, Е. Қадыр, т.б. шәкірттер тәрбиелеген тәжірибелі әдіскер ұстаз. Биылғы оқу жылында шәкірті Қ. Кзылгулов Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы музыкалық колледждер арасындағы XIV – Республикалық кіші олимпиададан I орын, Н. Кощанов «Еңбек ардагері» Ғизат Әдепқалиевтің 80-жылдығына орай – «АЛТЫН ҰЯ» атты I аймақтық домбырашылар конкурсынан 1 орын алып, үлкен жетістіктерге жетті. Республикалық кіші олимпиадаға өзінің әрбір шәкіртіне кәсіби талап қойып, үлкен аналық жүрекпен болашағына бағыт-бағдар беруде өзіндік үлесі бар, тәжірибелі ұстаз Клара Зиоллақызы өмірдегі асыл жары марқұм Қайрат Максимұлы екеуі екі қыз, бір ұл тәрбиелеп өсірді. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» - деген халық даналығын ту еткен әріптес апамызға еңбекте табыс, жанұяда балалардың қуанышына бөлене беріңіз деп тілек білдіреміз.

**Халық аспаптар бөлімі, Домбыра пән бірлестігінің төрағасы
ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері.
Е.Т. САҚТАНОВ.**

ҚР Білім беру ісінің «Құрметті қызметкері» Клара Зиоллақызымен 1994-1998 жылдары колледж қабырғасына оқуға түскеннен бастап таныдым. Сол кезде мен Клара апайдың өте ұстамды, бірбеткей, ақылды адам екенін байқадым. Себебі, ол кезде біздер студент баламыз. Апай класында сабақ жүргізіп жатқанда есігін ашуға қорқатынбыз, апай өте бізге қатал кісі болып көрінетін. Бірақ қазіргі күнде байқасам, апай біз ойлағандай қатал емес екен. Ол өз оқушыларының тиянақты, әрі жауапты болуын, әрі адал маман болып шығуын жанына медет тұтқан, қайсар адам екен. Апайдың өз оқушылары да апай сияқты, жұлделі орындарға ие болып жүр. Қазақта «Ұстазы жақсының, ұстамы жақсы» демей ме, осы мақал Клара Зиоллақызына дәл келетін сияқты. 2002 жылы мен Консерватория бітіріп, осы колледжге жас ұстаз болып оқытушылық міндетімді атқара бастадым. Бұрын оқушы кезімде Клара апайға жақындай алмай жүрсем, қазіргі күнде өзімнің анам, апам сияқты ең жақын сырласымның біріне айналды. Білмеген тұстарымыз болса, немесе жұмыстың қиын сәттерінде, осы кісіден ақыл сұрап барғанда, апай жылы шыраймен, өзінің өмірімен өткен сабақтарын ұштастыра ақылын айтып, көмегін аямайтын, аяулы адам ретінде мақтан тұтамын. Апайдың адамгершілігі, қарапайымдылығы өз алдына, ол кісінің жұмыста өте беделді, әр оқушымен қарым-қатынасына адам қызығарлықтай, үлкен өнеге алуға болады. Клара Зиоллақызына әлі де талантты, талапты өнер балғындарын дайындайтын шалқар шабыт, қажымас қайрат, Алла-Тағала зор денсаулық берсін. Жанұяда ең бақытты Ана болуыңызға шын жүректен тілекшімін.

**Халық аспаптар бөлімі, домбыра пән бірлестігі оқытушысы
Н.Ш. ХИНЕКИНА.**



Географиялық деректермен жұмыс істеу арқылы оқушылардың зерттеу дағдыларын дамыту

Негізгі географиялық ақпарат көздеріне географиялық карталар мен атластар, анықтамалықтар, оқулықтар, энциклопедиялар, ғарыштық түсірілімдер, арнайы компьютерлік бағдарламалар (ГАЗ), ғаламтор, газет және журналдардағы мақалалар, кітаптар, суреттер және т.б. жатады. Күнделікті сабақта аталған географиялық ақпарат көздерімен жұмыс істей отырып, оқушылардың алған білімдерін күнделікті өмірлерінде қолдана алатындай жағдайға жеткізу өзімнің кәсіби және азаматтық міндетім деп санаймын. Ал ол үшін оқушылардың бойында көптеген дағдылар қалыптасуы қажет, соның бірі зерттеу дағдысы.

А.И. Савенков жалпы зерттеу дағдыларын мәселелерді көре білу, сұрақтар қою, болжамдар ұсыну, ұғымдарға анықтамалар беру, жіктеу, бақылау, эксперименттер жасап қорытындылау, материалды құрылымдау, мәтінмен жұмыс жасау, өз идеяларын дәлелдеу және қорғау деп түсінеді.

П.В. Середенконың пікірінше, «зерттей алу дағдылары — бұл зерттеу қызметін құрайтын және жаңа білімге әкелетін зияткерлік және эмпирикалық әрекеттерді орындау үшін операциялар жиынтығын орындау мүмкіндігі және оны жүзеге асыру».

Қазіргі уақытта NIS-Programme білім

беру бағдарламасында оқушылардың зерттеу дағдыларын дамытуға айрықша назар аударылған. География пәнінен 11, 12-сыныптарға арналған «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының NIS-Programme білім беру бағдарламасының негізгі жеті бөлімін камтиды: «Геоморфология», «Метеорология», «Су қорларын тиімді пайдалану және экономикалық баға беру», «Туризм және Қазақстанда туризмнің дамуы»,

«Халықтар географиясы», «Халықаралық экономикалық қатынастар», «Адамзаттың ғаламдық мәселелері».

Бағдарламаға қысқаша тоқтала кетсек, «География» пәні бойынша бағдарламаның негізгі мақсаттары:

- Географиялық білімнің ғылыми әлемнің бөлшегі екендігі туралы білім мен пікірлерді күшейту;
- Әр түрлі құбылыстар мен үрдістерді түсіну, белгілі бір өңірге бейімделу, барлық проблемалардың негізгі шешімі ретінде қоршаған ортаны бағалау арқылы күнделікті өмірде географиялық білімді пайдалану дағдысын дамыту;
- Географиялық ақпараттың әртүрлі көздерімен жұмыс істеу дағдысын дамыту;
- Географиялық объектілердің сандық және сапалық қасиеттерін анықтау үшін құралдарды пайдалану, олардың құрамын жақсарту, талдау және



сипаттау дағдылары, оқушыларға схемаларды, графиктерді, сызбалар мен кестелерді ұсыну сияқты практикалық дағдыларды дамытуға мүмкіндік беру болып табылады.

Нәтижесінде географияны оқи отыра оқушы мыналарды түсінеді:

- Негізгі материктер мен олардың аймақтары, халықтары және экономикасы, табиғат құрылымын;
- табиғи және әлеуметтік-экономикалық құбылыстар мен үдерістерге қатысты көзқарастарды зерттеу және салыстыру;
- жеке іздеу, талдау, таңдау және ақпараттық технологияларды пайдалану;
- қоршаған әлемге жауапкершілікпен қарау және оны басқару қажеттілігі.

Дегенмен, бағдарламаны игеру барысында оқушылардың білім деңгейі мен қалыптасатын дағдылары әрқашанда біз күткендегідей бола бермейді. Оны сабақ барысында оқушы жауаптарынан, бөлім бойынша және тоқсандық жиынтық бағалау жұмысы мен сыртқы жиынтық бағалау жұмысы нәтижелерінен көріп жүрміз. Осыдан кейін әрине, «қалай жақсы нәтижеге қол жеткіземіз?» деген заңды сұрақ туындайды. Міне сондықтан де мен өзімнің кәсіби даму мақсатым «Географиялық деректермен жұмыс істеу арқылы оқушылардың зерттеу дағдыларын дамыту» болады деп қорытындылады.

Сабақта түрлі географиялық деректерді талдауда неғұрлым оқу мақсатын ашатын сұрақтар беру өте маңызды. Оқушының білім алуын қолдау үшін сұрақ қоюдың түрткі болу, сынақтан

өткізу және қайта бағыттау сияқты әртүрлі техникаларын пайдалануға болады.

Түрткі болу: түрткі болуға арналған сұрақтар бірінші жауабын алу үшін және оқушының жауабын түзетуге көмектесу үшін қажет, айталық, сұрақты қарапайым етіп қою, өткен материалға оралу, ой салу, дұрысын қабылдау және толығырақ жауап беруге итермелеу.

Сынақтан өткізу: сынақтан өткізуге арналған сұрақтар оқушыларға анағұрлым толық жауап беруге, өз ойларын анық білдіруге, өз идеяларын дамытуға көмектесетіндей етіп құрылуы қажет, сондай-ақ «Сіз мысал келтіре аласыз ба?» деген сияқты сұрақтар тапсырманы орындау барысында оқушыға бағдар беріп отырады.

Қайта бағыттау: сұрақты басқа оқушыларға қайта бағыттау, мысалы, «көмектесе алатындар бар ма?»

Сұрақтар қою арқылы мұғалім:

- оқушыларды тақырып бойынша және сындарлы сөйлеуге ынталандырады;
- оқушылардың шынайы қызығушылығы мен сезімдерін анықтайды;
- білімге құштарлықтары дамиды және зерттеуге ынталандырады;
- оқушыларға сыни тұрғыдан ойлауға көмектеседі;
- әңгімелесу және ой елегінен өткізу көмегімен ойын жинақтауға көмек береді, іс-әрекеттерін тереңдетеді және шоғырландырады;
- оқытудағы қиындықтар мен түсінбестіктерді анықтайды. (МАН, 41-42 бет)

Жоғарыда айтылғандай мұғалім оқу-



шы жауаптарын мұқият тыңдай отырып, оларды түзете, толықтыра, басқа да ақпараттарды іздестіруге ынталандыра және жауаптағы маңызды мәселеге назарын аудара алады. Бұл өз кезегінде оқушылардың жиынтық бағалау жұмыстарын орындаған кезде жақсы нәтижеге жетуіне кепілдік береді.

Жоғары сыныптарда география таңдау пәні болып табылады. Бағдарлама аяқталған соң мектеп бітірушілер сыртқы жиынтық бағалау жұмысын жазады. Сондықтан географиялық деректерді оқушылардың зерттеуі, талдай алу дағдыларын қалыптастырып, дамытуды ең маңызды мақсатым, зерттеу тақырыбы ретінде қарастырамын. Себебі:

1. Оқушыларым сыртқы жиынтық бағалау жұмыстарынан жақсы нәтиже көрсеткенмен белгілі бір салалар бойынша қателіктер жібереді;

2. Түрлі дағдының дамуын қажет ететін географиялық ақпарат көздерінің көптігі;

Орын алған кемшіліктерді алдын алу мақсатында келесідей зерттеу жұмыстары жүргізілді.

- Байқау емтиханын өткізу;
- Нәтижесі бойынша оқушылармен сұхбат жүргізу;
- Алдыңғы жылдағы 12-сынып оқушыларының сыртқы жиынтық бағалау жұмысының қорытындысы бойынша жазылған талдау есебімен салыстыру.

Оқушылармен сұхбаттасу барысында келесідей мәселелер анықталды:

- оқушылардың тапсырманы толық және мұқият оқымауы,
- тапсырманы дұрыс түсінбеуі;
- берілген суреттердегі геогра-

фиялық нысанды шатастырып алуы;

- командалық көздерге дұрыс мән бермеуі.

Ойластыра келе келесідей іс-әрекет жасау керек деп шештім:

Біріншіден емтихан тапсырмалары төмендегі бағалау міндеттерін тағы жақсылап пысықтау. Ол төмендегідей:

1) «Білу және түсіну» бағалау міндеті оқушылардың географиялық терминдер, үдерістер мен құбылыстардың анықтамаларын, заңдылықтарды, метеорологиялық құралдарды білуін, әртүрлі географиялық ақпараттың көздерімен жұмыс істей білуін, жаһандық мәселелердің туындау себептерін, олардың салдарын түсінуін тексеруге бағытталған.

2) «Дағды және талдау» бағалау міндеті географиялық құбылыстар мен заңдылықтарды зерттеп, салыстыра алуын, әртүрлі дерек көздерінен алынған ақпаратты, соның ішінде карталарды, диаграммаларды, графиктерді және фотоларды оқи және өңдей алуын, заңдылықтары мен үрдістерін анықтай отырып, әлеуметтік-экономикалық және физика-географиялық талдау жүргізе алуын, географиялық нысандардың сандық және сапалық қасиеттерін анықтау үшін құрал-жабдықтарды қолдана алуын тексеруге бағытталған.

3) «Пайымдау және шешім қабылдау» бағалау міндеті географиялық үдерістер мен өзгерістердің әсерін бағалай алуын, белгіленген жағдайдағы болатын қорытындыны анықтай алуын, әртүрлі контекст аясында түрлі көзқарасты бағалауға негізделген шешімдер



қабылдай алуын, өздерінің орналасқан жерлеріндегі табиғи, экономикалық және қоршаған орта жағдайын бағалай алуын тексеруге бағытталған. («География» пәні бойынша оқушылардың нәтижелерінің талдауы, 99-бет)

Екіншіден сабақта және емтиханға дайындық кезінде тапсырмаларды емтихан форматына барынша сай етіп құрастыру. Мысалы, 11-сыныптың үшінші тоқсанында қарастырылатын «Су қорларын тиімді пайдалану және экономикалық баға беру» бөлімін қайталау барысында оқушылар келесі тапсырманы орындайды.

Тапсырма: 1-кестедегі мәліметтерді қолданып Оба өзенінің гидрографын сызыңыз.

Оба өзені гидрографын талдай отырып, сұрақтарға жауап беріңіз.

а. Оба өзенінде ең жоғарғы су ағыны қай айда көрсетілген;

б. Оба өзенінің ең төменгі су көлемі қанша екенін көрсетіңіз;

с. Өзеннің гидрографындағы көктем айларында су шығынының жоғары болу себебін түсіндіріңіз;

д. Өзен суының арнасына келген кезді анықтап, себебін түсіндіріңіз;

е. Өзеннің қоректену типін анықтап, оған дәлел келтіре отырып жазыңыз;

ф. Өзен гидрографын талдаудан алынған мәліметті қолдану аясына мысал келтіріңіз;

г. Егер Оба өзеніне бөген салатын болса онда өзеннің гидрографына әсерін сипаттаңыз.

Мұнда оқушылар статистикалық мәліметті қолдана отырып, өзен гидрографын құрастырады, берілген сұрақтар бойынша талдау жасайды. Бастапқы екі сұраққа жауап беру үшін оқушы диаграмманы қолданса, қалған сұрақтарды талдау үшін әртүрлі әдебиет

1-кесте. Оба өзенінің жылдық гидрографы (м³/с)

Қ	А	Н	С	М	М	Ш	Т	Қ	Қ	Қ	Ж
28,43	25,02	35,53	454,79	687,50	326,67	135,38	90,91	81,81	139,86	94,90	36,36





көздерінен іздестіріп, зерттеу арқылы жауап бере алады, болжам жасайды.

Оқушыларды зерттеу дағдысын дамытуға итермелейтін тапсырмалардың тағы біреуіне тоқтала кетейік. 12-сыныпта оқытылатын «Халықаралық экономикалық қатынастар» бөлімінде «Ұлттық валюта бағамы» тақырыбын қарастыруда оқушыларға мынадай тапсырма беріледі:

Ұлттық банктің 2014-2020 жылдардың қыркүйек айларындағы теңгенің долларға шаққандағы бекіткен бағамы (кесте-2).

2-кесте. Әрбір жылдар бойынша ұлттық валюта бағамы

Жылдар	Валюта бағамы
2014	176,411
2015	188,8
2016	338,87
2017	338,22
2018	372,23
2019	388,23
2020	419,5

Тапсырма: 2-кестедегі мәліметтерді пайдаланып, 2014-2020 жылдары аралығында теңгенің долларға шаққандағы бағамы өзгерісінің себептерін анықтап жазыңыз.

Оқушылар тапсырманы орындау барысында ұлттық банк мәліметтерін, қаржы саласының мамандары, сарапшылардың пікірлерін іздестіріп, оқиды. Теңге бағамының өзгерісіне еліміздегі ішкі және сыртқы факторларды

зерттей отыра өз пікірлерін дәлелдеп жеткізеді.

Үшіншіден алдыңғы жылдары жазылған емтихан жұмыстарының жұмыс үлгілерін жинақтап, оқушыларға ұсыну. Бұл оқушылардың түрлі географиялық деректерді пайдаланып, жазу дағдыларын дамытады.

Төртіншіден алдыңғы жылдағы 12-сынып оқушыларының сыртқы жиынтық бағалау жұмысының қорытындысын қарастыру, ұсыныстарын қабылдау:

1) карта, сурет, график, диаграммалармен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру керек;

2) оқушыларға түсіну, білу, ұсыныс жасауға байланысты тапсырмаларды көбірек құрастыру және жауаптарын жан-жақты қарастыру;

3) кима сызудың ерекшеліктерін түсіндіре отырып, қиманың түрлерін сызуға, оқуға, талдауға бағыттау жұмыстарын толық қамту;

4) тапсырманы аяғына дейін оқу, командалық сөзге мән беріп барып жауап жазу;

5) эссе жазу дағдысын дамытуға баса назар аудару керек.

Қорытындылай келе сабақ барысында оқушылардың көп ізденіп, зерттеу жасауы нәтижесінде кез келген мәселені жақсы талдап, оның шешімдерін оңай таба алатындықтарына көзім жетті. Аристотель айтқандай «Білім алудың тамыры ащы, бірақ жемісі тәтті».

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық, 2012. 41-42 бет;



2. Элейн Уилсон «Как проводить исследование в действии», глава 15;

3. Назарбаев Зияткерлік мектептері 12-сынып оқушыларының сыртқы жиынтық бағалау жұмысының қорытындысы бойынша жазылған талдау есебі. —Нұр-Сұлтан: Педагогикалық өлшеулер орталығы, 2019 ж. — 99 б.;

4. <http://econf.rae.ru/pdf/2016/09/-5760.pdf>

Б.А. МУХТАРХАНОВ,
Химия-биология бағытындағы
Назарбаев Зияткерлік мектебінің
география пәні мұғалімі.
Өскемен қаласы.



Қазіргі ұрпақтың цифрлық өмір салты

Интернет күнделікті өмірге нық кірді, қазіргі заманғы адамның жасына қарамастан сандық өмір салтын анықтайтын ажырамас және табиғи элементіне айналды. Жаңа цифрлық өмір салты ересектер мен балалар өмір сүретін көптеген нақты және виртуалды әлемдермен анықталады. Бұл әлемдер ұзақ уақыт бойы адам өмірінде бірге өмір сүріп келеді және соңғы онжылдықтарда қазіргі заманғы цифрлық технологиялардың дамуына байланысты олардың өзара әрекеттестігі белсенді түрде талқылануда. Қазіргі заманғы цифрлық технологиялардың адамға әсерін зерттеу контекстінде тарихи және әлеуметтік процестерді есепке алуға негізделген ұрпақтар арасындағы әдіснама ерекше маңызға ие. Ұсынылған тәсілдерге сәйкес ХХ ғасырдың екінші жартысынан бас-

тап қазіргі уақытқа дейін 15-25 жас аралығындағы уақыт аралықтарымен бөлінген төрт ұрпақты бөліп көрсетуге болады, олар әлемдегі ақпараттық технологиялардың даму процесіне сәйкес келеді: - Беби Бумер ұрпағы (1943-1963 жылдары туған); - х ұрпағы («х», 1964-1984 жылдары туған); - у ұрпағы («Игрек», 1985-2004 жылдары туған); - z ұрпағы («Зет», 2004-2010 жылдары туған); - α буыны («Альфа», 2010 жылдан бастап туған). Соңғы екі санатқа қазіргі балалар мен жасөспірімдер кіреді.

Ақпараттық қоғам өкілдері (цифрлық компьютерлік технологияларды белсенді енгізуге дейін) мен цифрлық ұрпақ (туғаннан бастап цифрлық ресурстар мен гаджеттерді пайдаланатын) арасындағы айтарлықтай алшақтық — білім беру процесін ұйымдас-



тыруда ескермеуге болмайтын факт. Қазіргі заманғы мұғалімдер көбінесе бірінші топты білдіреді және цифрлық технологияларды қолдануда әр түрлі қиындықтарды бастан кешіреді, қазіргі мектеп оқушылары цифрлық дәуірде туылған және цифрлық білім беру процесіне интеграциялауға дайын емес. Қазіргі балалар мен жасөспірімдер Ресейде Интернеттің қарқынды дамуымен қатар дамып, әлеуметтенді, олардың құндылықтары негізінен жандандану процестерімен, цифрлық технологиялардың, ұялы байланыстың және Интернеттің дамуымен анықталады. «Игрек» ұрпағының өкілдері Интернетті әлем мен Ресейді жаулап алу кезеңінде өсті: 1990 жылы Ресейде алғашқы ұлттық домен пайда болды, 1994 жылы RU домені жіберілді, бұл инфрақұрылымның қуатты дамуына әкелді, 1998 жылы Google іздеу жүйесі пайда болды, 2004 жылы-Facebook әлеуметтік желісі, 2006 жылы - ВКонтакте ресейлік желісі, 2010 жылы — Ресей Федерациясының кириллица домені. Бұл қауымдастықты белсенді және жас мұғалімдер ұсынады. Барлығы цифрландыруға қатысқан жоқ, бірақ бәрі де процестердің қалай дамып жатқанын көре алды.

«Зет» ұрпағының өкілдері («бас бармақ», «цифрлық аборигендер», «цифрлық туғандар», «процессор балалары», «планшеттік балалар», «чипсы балалар», «цифрлық тұрғындар») интернет дәуірінің толыққанды тұрғындары және заманауи цифрлық гаджеттер мен смартфондармен құрдас болып табылады. Қазіргі балалар цифрлық

құрылғыларға толы ортада өсіп, интуитивті түрде цифрлық құралдарды — компьютерлерді, электрондық құрылғыларды, мобильді гаджеттерді меңгереді, әлеуметтік желілерді және киберкеңістіктің басқа да виртуалды әлемдерін және онлайн-контекстін меңгереді. Әлеуметтенуде қиындықтар мен эмпатия проблемалары бар.

«Альфа» жұмбақ ұрпағы барлық дереккөздерде ұсыныла бермейді және олардың бала кезінен YouTube бейнелері бойынша оқытылатындығымен сипатталады. Он немесе екі интернет-аккаунтта еркін жұмыс істейді және жазу дағдыларына қарағанда соқыр басып шығаруды игереді.

Бүгінгі таңда интернеттегі цифрлық әлем олардың күнделікті өмірінің маңызды бөлігін алады, сондықтан кейбір зерттеулерде цифрлық буынның басқа атауы — Интернет-технологиялардың белсенді дамуы жағдайында тікелей желіде дамып келе жатқан желілік буын байқалуы кездейсоқ емес. Қазіргі шындықтар зерттеушілерге цифрлық технологиялар, ең алдымен Интернет маңызды координатқа айналатын қазіргі жасөспірімнің дамуындағы жаңа әлеуметтік жағдайдың пайда болуын анықтауға мүмкіндік берді. Қазіргі қоғамның толыққанды азаматы болу үшін қазіргі әлемдегі табысты өмірдің іс-әрекеттерін меңгеру қажет. Сонымен қатар, әлеуметтенудің дәстүрлі формалары барған сайын қатар жүреді, алмастырылады және қажетті білім мен дағдыларды игерудің жаңа формаларымен алмастырылады — цифрлық әлеуметтену, онда цифр-



лық технологиялар мен ресурстар тек ақпарат көзі ғана емес, сонымен бірге коммуникацияның маңызды құралы болып табылады. Цифрлық технологиялар және қазіргі заманғы қоғам өмірінің цифрлық ортасы өскелең ұрпақтың дамуына әсер етеді, цифрлық әлемдегі мінез-құлық пен өзара іс-қимылдың жаңа қалауларын, мақсаттарын, жаңа психологиялық ерекшеліктерін, қабылдау, зейін, ойлау, мотивация ерекшеліктерін қалыптастырады. Сонымен қатар, цифрлық буын өкілдерімен жұмыс істеу стратегиясы білім берудің дәстүрлі тәсілдеріне оралу мүмкін еместігінен туындауы керек. Жаңа цифрлық контентті дамыту, пайдаланылатын ресурстар мен технологияларды кеңейту, цифрлық ұрпақтың ерекшеліктерін ескере отырып, Цифрлық орта жағдайында ерекше қарым-қатынастарды қалыптастыру негізінде оны елеулі түрде трансформациялау қажет.

Цифрлық технологиялардың дамуы және оларды біздің күнделікті өмірімізге белсенді енгізу цифрлық қоғамның психикалық ерекшеліктерінің де, мінез-құлық аспектілерінің де, қарым-қатынастың жаңа нысандары мен форматтарының, цифрлық әлем жағдайындағы коллаборацияның өзгеруіне айтарлықтай әсер етеді. Танымдық функциялардың өзгеруі қазіргі зерттеулерде интернетті белсенді қолдану баланың ерте танымдық және психоәлеуметтік дамуын ынталандыратыны туралы дәлелдер бар. Сонымен қатар, соңғы жылдардағы бірқатар зерттеулерді жалпылау нәтижеле-

рі сандық технологиялардың жоғары психикалық функцияларға әсері туралы түбегейлі қарама-қарсы екі көзқарастың болуын көрсетеді. Алайда, эмпирикалық фактілердің жеткіліксіздігіне және олардың сәйкес келмеуіне байланысты, осы технологиялардың әсерін олардың қайтымсыздығы тұрғысынан қарастырған жөн, технологиялық процестің дамуын баланың жеке басына және танымдық функцияларына әсер етудің кең мүмкіндіктері бар шындық ретінде қабылдаған жөн. Әр түрлі зерттеулерге сәйкес Интернет бір уақытта бірнеше визуалды ынталандыруды бақылау, кеңістіктік қатынастарды визуализациялау, үлгіні тану, визуалды жадты дамыту, жоспарлау, іздеу стратегиялары және ақпаратты бағалау сияқты танымдық процестерді ынталандырады. Сонымен қатар, ақпараттың үлкен көлемі жағдайында визуалды сериялар мен ауызша бейнелер түрінде қоршаған ақпаратты тез фрагменттік қабылдаудан тұратын клиптік ойлау (клиптік сана) осы процестердің дамуымен байланысты. Ақпаратты қабылдау — бұл ақпараттық қоғам әлеміне танымдық жауап және әр түрлі ақпараттың күшті мазмұн ағынына бейімделу тәсілі. Әр түрлі эксперименттердің нәтижелері сандық технологиялардың әсерінен интернеттің белсенді пайдаланушысының жады басқа механизмдермен жұмыс істей бастайтынын көрсетті: мазмұны есте сақталмайды, бірақ бұл ақпараттың орналасқан жері және оған апаратын жол каталог, деректер банкі, «Google эффектісі» деп



аталады, жадтың ерекше транзакциялық сипатына ие болады. Сонымен қатар, Интернет-білімді сарапшы, ал интеллектуалды чатботаларды дамыту (сурет. 12) оны нақты әлемге мүмкіндігінше жақын етуге мүмкіндік береді, әрқашан белсенді және көңіл-күйге қарамастан көмектесуге дайын, жеке келісімдерді қажет етпейді.

